

Ресей Федерациясының Үкіметі Төрағасының Бірінші орынбасары Д.А. Медведевтің Қазақстан Республикасына сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 22 қыркүйектегі N 278-ө
Өкімі

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы екі жақты ынтымақтастықты нығайту және 2006 жылғы 22 - 24 қыркүйекте Астана және Алматы қалаларында Ресей Федерациясының Үкіметі Төрағасының Бірінші орынбасары Дмитрий Анатольевич Медведевтің Қазақстан Республикасына сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі:
қосымшаға сәйкес сапарды дайындау және өткізу жөніндегі
протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін;
қонақ үйде тұруға 2006 жылға арналған республикалық бюджетте 006 "Өкілдік шығыстар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен 1620000 (бір миллион алты жүз жиырма мың) теңге сомасында қаражат бөлсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы:
Ресей Федерациясы ресми делегациясының мүшелеріне қызмет көрсету жөнінде
ж ә р д е м к ө р с е т с і н ;

003 "Республикалық деңгейде халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен делегация мүшелеріне және бірге жүретін адамдарға медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі әуежайда, тұратын және болатын орындарында Ресей Федерациясының ресми делегациясы мүшелерінің қауіпсіздігін, жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді, сондай-ақ арнайы ұшақты күзетуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен бірлесіп, белгіленген тәртіппен Ресей Федерациясы Үкіметі Төрағасының Бірінші орынбасарының арнайы ұшағының Қазақстан Республикасы аумағының үстінен ұшып өтуін, Астана және Алматы қалаларының әуежайларында қонуын және ұшып шығуын қамтамасыз етсін;

Астана және Алматы қалаларының әуежайларында арнайы ұшаққа техникалық қызмет көрсетуді, оның тұрағын және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

5. Астана және Алматы қалаларының әкімдері Ресей Федерациясының делегациясы болатын жерлерде күтіп алу және шығарып салу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын орындауды қамтамасыз етсін.

6. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 0 6 ж ы л ғ ы 2 2 қ ы р к ү й е к т е г і

№ 2 7 8 - ө ө к і м і н е

қосымша

Ресей Федерациясы ресми делегациясының мүшелеріне қызмет көрсету жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шаралары

1. Ресей Федерациясы делегациясының мүшелерін Астана және Алматы қалаларында орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету.

2. Ресей Федерациясы делегациясының басшысы мен мүшелері үшін сыйлықтар мен кәдесыйлар сатып алу.

3. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі К.Қ. Мәсімовтің атынан қабылдауды ұйымдастыру.

4. Ресей Федерациясының делегациясын Астана және Алматы қалаларының әуежайларында күтіп алу және шығарып салу кезінде шай дастарханын ұйымдастыру.